<p>дайындық</p>	<p>Анау жатқан Атырау. Бәрі сенің өз жерің ,Өз суларың, батыр-ау. Туған жердің тынысын, Ұққын орман нуынан. Алтынды Алтай-шығысың, Қыран ұшқан шыңынан. Жер қабылдап таң нұрын, Берді елге байлығын. Осы жердің барлығы-Қазақ жері ай-күнім!</p>	<p>түсінуге және өз туған қаласы туралы әңгімелей білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: ойлау қаблетін жетілдіру, жұмбақ шешуін табуға ынталандыру.</p>	<p>бақылап қарап әңгімелеу.</p>	<p>мергендікке баулу. Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас-тырылған оқу кестесі</p>	<p>1.Қатынас Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Әшекей бұйымдар» Мақсаты: а) Ұлттың зергерлік жайлы білім беру; ә) Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту; б) Әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: әшекей бұйымдар салынған қобдиша, жұмыс дәптері.</p>	<p>1.Денсаулық Дене шынықтыру Тақырыбы: Қысқа секіртпемен секіру. Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталау. Негізгі қасиеттері шапшаңдылық, ептілік ті дамыту. Қысқа секіртпе арқылы секірулерді қайталау, алға домалауды қайталау. Таным Жаратылыс тану. Тақырыбы: : Ыдыс–</p>	<p>1.Қатынас Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: : Әйгерім дастарқанды әзірлеп жатр Мақсаты: а) Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту б) Бір-біріне</p>	<p>1.Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Ертегіде қонақта. Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Спортқа қызығушылығын ояту. Сенімді қатынастарды нығайтуға ұмтылу. 2.Таным Математика негіздері Тақырыбы: Цифр мен заттың арасындағы сәйкестікті табу. Мақсаты : Цифрды</p>	<p>1.Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Ертегіде қонақта. Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Спортқа қызығушылығын ояту. Сенімді қатынастарды нығайтуға 2.Таным Құрастыру. Тақырыбы: Қайықтар. Мақсаты: қалдық материалдардан қайықты құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. мтылу.</p>

		<p>аяқ.</p> <p>Мақсаты: Ыдыстардың ерекшеліктері, олардың алуан түрлі болатынын (шайдың ыдыстары: форфордан, шыныдан жасалатындығы, түсі көлемі, материалы, т.б) күнделікті тұрмыста пайдаланатын ыдыстардың маңызы, қолданылуы жайлы сипаттап айтып беруге үйрету. Оларды сақтау ережелерімен таныстыру.</p> <p>Шығармашылық:</p> <p>1. Сурет салу. Тақырыбы: Сүйікті ойыншығым.</p> <p>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың суретін</p>	<p>жақсылық тілеуге тәрбиелеу.</p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу.</p> <p>Тақырыбы: Ақпараттық құралдар</p> <p>Мақсаты: теледидар, радио, телефон, компьютердің ақпараттық құралдар түріне жататындығы туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p>заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында); көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>3. Шығармашылық</p> <p>Музыка</p> <p>Саз жетекшісінің жоспары бойынша</p>	<p>2. Шығармашылық:</p> <p>Мүсіндеу. Тақырыбы: Жүйрік ат.</p> <p>Мақсаты: мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып жүйрік атты мүсіндеу. Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.</p> <p>Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу.</p>
--	--	--	---	--	---

		салуда ұсақ бөлшектері ғана емес, олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттықтыру, өз таңдауымен сурет салуға тапсырма беру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>Бақылау. Алғашқы қарды бақылау; қардың үлпілдек, ақ мақтаға ұқсайтынын түсіндіріп көрсету.</p> <p>Еңбек Балабақша алаңындағы шашылған қағаздарды жинау.</p> <p>Қимылды ойын: «Қасқырлар мен лақтар»</p> <p>Жеке жұмыс: Әміре мен Айсұлтанға өз балабақшасы туралы әңгімелету</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Суық жел, ызғарды бақылау: қыс мезгілінің өзіне тән белгілерін айқындай білуге үйрету.</p> <p>Еңбек Алғашқы қармен таныстыру, қардан аққала жасау.</p> <p>Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобильдер»</p> <p>Жеке жұмыс: Әміре мен Айсана білетін құстардың атауын атату</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші</p>	<p>Бақылау. Қысқы ағашты бақылау; ағаш пен бұтаны қалай ажыратуға болатынын түсіндіру.</p> <p>Еңбек Қысқы ағаштарға қамқорлық, ағаш дінінің астына қар үю.</p> <p>Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты.»</p> <p>Жеке жұмыс: 1-2 баладан балабақша мен өз топ аттарын сұрау</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Қыстап қалған құстарды (қарға) бақылау; қыстап қалған құстар туралы әңгімелеу.</p> <p>Еңбек Қар үйіп, үстіне су құйып, сырғанақ ойын алаңын құру.</p> <p>Қимылды ойын: «Ағашқа дейін жүгір»</p> <p>Жеке жұмыс: Айсұлтан мен Нұрпейіс ағаш атауларын бекіту.</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Көліктерді бақылау; қыс мезгіліндегі көліктің баяу жүрісін қадағалау.</p> <p>Еңбек: Аулада шашылған уақ тастарды жинастыру</p> <p>Қимылды ойын «Жоғары лақтыр» бал.ң қимыл қозғалысын жетілдіру, еңбектенуге тәрбиелеу.</p> <p>Жолдастарына көмек көрсету.</p> <p>Жеке жұмыс: Бағдат пен Нұрпейісге жыл мезгілдерінің ерекшеліктері туралы</p>

		жетекшілігімен			әңгімелету. Еркін ойын тәрбиеші жетекшілігімен
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	«Жеті лақ.» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдату	«Түлкі мен ешкі.» ертегісін оқып беру	«Бесік жырын» тыңдату	«Не дәмді?» ертегісін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң рақмет айтып тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды» Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.	Қимылды ойын: «Қасқырлар мен қояндар.» Мақсаты: Балаларды шапшаң жүгіруге, байқампаздыққа, достыққа баулу. Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету.	Вариативтік компонент: «Кел, билейік» Би маманың жоспары бойынша.	Қимылды ойын. «Өз түсінді тап.» Мақсаты: Балаларды түстерді ажыратуға үйрету.	Балаларға « Менің Отаным » тақырыбында сурет салуға үйретуде, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Айсана мен Адильяға Субояқпен сурет салу «менің сүйікті мысығым.»	Нұрпейіс пен Гүлденге «Үй жануарларының пайдасы.» Балалардың сөздік	Ясмин мен Нұрзер «Ғажайып қапшық» баланың сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен	Айсана мен Ердарға Үй жануарлары туралы әңгімелесу. қарапайым сұрақтарға жауап	Әміре мен Ибраһим Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын

		қорын жаңа сөздермен байыту	байыту	беруге үйрету.	дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Отбасында құрастыру материалдарымен ойын.	Балабақшада үйренген әндерін отбасында қайталау	Отбасы мүшелерімен сурет салу	Демалыс күндеріне сәттілік

ЦИКЛОГРАММА
Наурыз I-апта 01.03-05.03. 2021 ж.
Ересек «Нұршуақ»тобы

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»

Мақсаты: Ұлттық киім түрлерімен таныстыру. Олардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, қазіргі киім түрлерімен салыстыра білуге, әңгімелеп беруге үйрету. Сөздік қорын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.03.21	Сейсенбі 2.03.21	Сәрсенбі 3.03.21	Бейсенбі 4.03.21	Жұма 5.03.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балаларды ұлттық киімдер туралы түсініктерін қалыптастыру, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	«Қарап ал да ,есіңе сақта» суреттер көрсетіп,неше суретті есте сақтағанын айтады	«Бір үйде біз нешеуіміз» балалармен санамақ айту арқылы санауға үйрету	Суретті бақылау «Ұлттық бұйымдар» Мақсаты:Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, (1,2 сөйлем құрау)	Қимылды ойын «Допты қуып жет» Мақсаты: балалардың шапшаңдық, ептілігін дамыту.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үй жануарларына шарбақ құрастыр» Балалармен топтағы достары туралы әңгімелесу.
Таңертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені құралсыз 1-12 наурыз 1.Өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру 2.Қолынекі жанында ұстап сермеу.Шынтақты бұғу,жұдырықты түйіп ұстау. 3.Екіөкшені қосып,аяқ ұшын ашып тұру.Қолды белде ұстау,оң аяқты сол аяқ басына тигізу.Б.қ.оралу,сол жақта 3-4 р.қ. 4.Б.қ. аяқ арасын алшақ ұстау, қолды екі жанға созып тұру.Алға еңкею, саусақтарын еденге тигізу,6-7 р.қ. 5.Б.қ. шалқасынан жату, аяқ арасын қосып қою, қолы екі жанында. Оң аяқтың тізесін бүгіп кеудеге жақындату,қолымен қапсыра құшақтау б.қ. оралу содан соң сол аяқпен осыны жасау. 7.Б.қ.молдас құрып отырыу, қол белде. Кеудені оңға бұру, қолды жанына жайя созу.б.қ. оралу.Сол жақпен осыны қайталау. 8.Б.қ. екі аяқты қосып тұру.Оң аяқпен секектеу 3-4 рет, содан соң секектеуді сол аяқпен жасап қайталау 3-4 рет. 9.Жай жүру, алмастыра өкшемен және аяқтың сыртқы қырымен жүру.				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын!				

	Ас үстінде тамақты ұқыпты ішуге, ас ішіп болғаннан кейін ас қайтару баталарын үйрену				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»	Үй жануарлары және жабайы жануарлар қайда мекендейді, әңгімелеу.	« Үй жануарлары.» топтамасынан суреттер қарастыру		Үй жануарлары туралы Жұмбақ шешу. Мақсаты: ойлау қаблетін жетілдіру, жұмбақ шешуін табуға ынталандыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас-тырылған оқу кестесі	1.Қатынас Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Атасының ақылы» (Әңгіме) Мақсаты: Әңгіме ні тыңдату,үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл білдіру.Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздер арқылы тәрбиелеу. 2.Шығармашы-лық: Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша	1.Денсаулық Дене шынықтыру Тақырыбы: Еңбектеп жүру. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттері шапшаңдылық,ептілікт і дамыту.Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру,еңбектеуге жаттықтыру. Жаратылыс тану. Тақырыбы: Аналар мерекесі.Әдемі гүлдер. Мақсаты: Аналар мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету. Аналары мен апа, әжелеріне сүіспеншілігін арттыру. Мерекені өткізуге дайындаққа қатысу ниетін тәрбиелеу. Сурет салу.	1.Қатынас Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Арыстан күшігін асыраған мысық» (ертегі) Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге, оны мазмұндауды үйретуді жалғастыру.Бір-біріне деген бауырмалдық, жанашырлық сезімдерін ояту, жақсылық жасауға тәрбиелеу. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамытуды жалғастыру 2.Қатынас Орыс тілі. Тема: Устное народное творчество. Казахские и русские пословицы, поговорки и	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Тұрған орыннан ұзындыққа секіруге үйрету.Тепе – теңдік сақтау қабілетін дамыту және қимыл – қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру дағдысын бекіту. 2.Математика негіздері. Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. М: Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;кеңістікте орналасуына тәуелсіз	1.Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру.Қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдікті сақтай білу дағдыларын бекіту. 2. Шығармашылық: Жапсыру. Тақырыбы: :«Гүлдер» Мақсаты: 8 Наурыз мерекесі туралы және гүлдер туралы білімдерін кеңейту; түсті айыра білуге, эстетикалық тұрғыда қабылдай алуға үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің

		<p>Тақырыбы: :Көктемгі гүлдер.</p> <p>Мақсаты: Қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру.Эстетикалық сезімін қалыптастыру,әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.</p>	<p>загадки.</p> <p>Цель:Дать детям представление о жанровых особенностях, назначении пословиц, поговорок и</p>	<p>тұрғыда заттар тобын теңестіруді үйрету;көлемі жағынан әртүрлі заттарды салыстыруды үйрету;түрлі заттардың ұқсастығын табу және олардың сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету;заңдылықтарды анықтауға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету.</p> <p>3.Музыка Саз жетекшінің жоспары бойынша.</p>	<p>қозғалысын жетілдіру.Өздерінің ойын жеткізе білу.</p> <p>Жақындарына қуаныш сезімін сыйлау.Анасына деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>1.Ауа райына бақылау жасау Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.</p> <p>2.Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар»Мақсаты : Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады.</p>	<p>1.Күнге бақылау жасау Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.</p> <p>2.Қимылды ойын</p>	<p>1. Желге бақылау жасау Көктемгі жел құбылмалы.Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.</p>	<p>1.Аспанға бақылау жасауБалалардың көктемгі аспанға назар аударып. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір - көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды</p>	<p>1. Бұлтқа бақылау жасау Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түсетінін үйрету</p> <p>2.Қимылды ойын</p>

	<p>Шапшандық пен бейімділікті дамыту.</p> <p>3.Еңбек Топырақты тұқым салуғадайындау.</p> <p>Мақсаты:Еңбекте нуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу.</p> <p>4.Жеке жұмыс:Ерсұлтан мен Ясминге 1-5 дейін тура ,кері санап үйрету</p> <p>5.Еркін ойын</p>	<p>«Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.</p> <p>3.Еңбек Гүл тұқымын топыраққа егу.Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс 1-2 балаға көктем туралы тақпақ үйрету</p> <p>5.Еркін ойын</p>	<p>2.Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіру</p> <p>3.Еңбек Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.</p> <p>4.Жеке жұмыс 1-3 балаға ұлттық ойын түрлерін атап айтқызу</p> <p>5.Еркін ойын</p>	<p>үйрету.</p> <p>2.Қимылды ойын «Қазым,қазым қанқылда!»Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшандық таныта білдіруіне назар аудару.</p> <p>3.Еңбек Аула сыпырушыға көмектесіп,балаларды еңбекке баулу</p> <p>4.Жеке жұмыс Айсұлтанға ұлттық бұйымдарды атап үйрет</p>	<p>«Кілттер» Мақсаты:Балаларды байқампаздыққа баулу.</p> <p>3.Еңбек Ойын алаңын тазалап еңбекке баулу</p> <p>4.Жеке жұмыс 1-2 балаға көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтқызу</p> <p>5.Еркін ойын</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	«Жеті лақ.» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдату	«Түлкі мен ешкі.»ертегісін оқып беру		«Не дәмді?» ертегісін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				

Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң рақмет айтып тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі. Мақсаты: Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.	Сюжетті ролді ойын «Шаштараз» мақсаты : ойынға қызығушылығын артыру, мазмұнын түсіну.	Вариативтік компонент: «Кел, билейік» Би маманының жоспары бойынша	Дидактикалық ойын «Артығын тап» Мақсаты: ойын арқылы ойулау, есте сақтау қаблетін жетілдіру	Үстел үсті ойындары. «Домино», «Мозайка» Мақсаты: балалардың ойлауын, санауын,
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Ерсұлтан мен Адильяға Бірдей екі суреттің 5 айырмашылығын тап? Мақсаты: Балалардың байқағыштығын дамыту	Гүлден мен Ясминге «Үй жануарларының пайдасы.» Балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Айболат пен Нұрзерге «Суретті дұрыс құрастыр» Мақсаты : Сурет қиындыларын дұрыс құрастырып орналыстыра білуге үйрету.	Ясмин мен Нұрпейіске « Сыңарын тап » Мақсаты: әр затқа сәйкес заттарды таба білуге үйрету.	Ұлан мен Нұрзерге Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Психологтің кеңесі: мысалы: «Біз ақылдымыз».	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Мультфильмдер жинағын көру «Алдар көсе» тәрбиелік мақсатын түсіну.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеу

ЦИКЛОГРАММА
11 апта 9.03.-12.03. Наурыз 2021

Ересек «Нұршуақ» тобы

Өтпелі тақырып: Салттар мен фольклор

Тақырыпша: Өнер көзі-халықта.(қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б)

Мақсаты: Балаларға ұлттық салт дәстүр туралы түсініктерін қалыптастыру.

Халқымыздың салт дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу. Ұлттық салт-дәстүр туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойындар ұйымдастыру. Қазақтың ұлттық ойындарын ойната отырып, салт-дәстүрді түсіндіру.

Күн тәртібі		Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
		9.03.2021	10.03.2021	11.03.2021	12.03.2021
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балаларға қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)		Қимылды ойын «Кім алысқа секіреді?» Мақсаты: балаларды жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге үйрету.	Дидактикалық ойын: « Сыңарын тап » Мақсаты: әр затқа сәйкес заттарды таба білуге үйрету.	Суретті бақылау «Ұлттық бұйымдар» Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, (1,2 сөйлем құрау)	«Жаңылма» Бастаушы бала санамақ өлең айтып кез-келген жерінен үзіп тастайды келесі бала оны жалғастырады
Таңертеңгілік жаттығу	Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас үстінде тамақты ұқыпты ішуге, ас ішіп болғаннан кейін ас қайтару баталарын үйрену				
Ұйымдасты		Дидактикалық	Әшекей бұйымдар	Дидактикалық ойын:	Қимылды ойын.

<p>рылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>		<p>ойын: Бұл қай ұлттың киімі?» Мақсаты: балалардың өз мемлекетінің және өзге ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін ажырата білуге үйрету.</p>	<p>туралы жұмбақтар жасыру. 1. Қолға көрік береді. Жалт- жұлт етеді. Бұл не? 2. Сыңғыр- сыңғыр етеді. Құлаққа ілсе, әдемі болып кетеді.</p>	<p>Айырмашылығы н тап? Мақсаты: Бірдей екі суреттің 5 айырмашылығын табуда баланың байқағыштығын дамыту</p>	
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас-тырылған оқу кестесі</p>		<p>1. Денсаулық Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдікті сақтай білу дағдыларын бекіту. 2. Таным Жаратылыс тану. Тақырыбы: Қазақтың ұлттық киімдері. Мақсаты: Ұлттық киім түрлерімен таныстыру. Олардың өзіндік ерекшеліктерімен</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Серуенде... (Өз тәжірибелерін әңгімелеу) Мақсаты: а) Еңбек туралы білімдерін кеңейту. ә) Тазалыққа тәрбиелеу. б) Өз тәжірибесін әңгімелей білу қабілеттерін дамыту (Сурет мазмұнын зерттеу бойынша), баланың зейінін дамыту. 2. Әлеумет Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Қазақтың ұлттық киімдері. Мақсаты: Ұлттық киім түрлерімен таныстыру.</p>	<p>1. Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдікті сақтай білу дағдыларын бекіту. 2. Таным Математика негіздері Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. Мақсаты: Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; кеңістікте орналасуына тәуелсіз тұрғыда заттар тобын теңестіруді үйрету; көлемі жағынан әртүрлі заттарды</p>	<p>1. Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдікті сақтай білу дағдыларын бекіту. 2. Таным Құрастыру. Тақырыбы: Желкенді қайың. Мақсаты: құрылыс материалдарын пайдаланып, қайық ты құрастыра білуге үйрету және оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, саусаң бұлшық еттерін дамыту, бастаған ісін соңына дейін</p>

		<p>таныстыра отырып, қазіргі киім түрлерімен салыстыра білуге, әңгімелеп беруге үйрету. Сөздік қорын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>3.Шығармашылық Сурет салу. Тақырыбы: Әжемнің қамзолы. Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық киімі – камзолмен таныстыру және оны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру және көркемдік талғамын дамыту. Балаларды өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту, әсемдікті сезіне</p>	<p>Олардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, қазіргі киім түрлерімен салыстыра білуге, әңгімелеп беруге үйрету. Сөздік қорын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу</p>	<p>салыстыруды үйрету; түрлі заттардың ұқсастығын табу және олардың сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету; заңдылықтарды анықтауға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету</p>	<p>аяқтап, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу</p> <p>загадок, их отличии от произведений других малых фольклорных форм. Учить осмысливать значение пословиц и поговорок.</p> <p>3.Шығармашылық Мүсіндеу. Тақырыбы: Бұғы. Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету. Мүсіндеу іскерліктерін, қол, саусақ моторикасын дамыту. Өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p>
--	--	---	--	--	--

		білуге тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен		<p>Бақылау. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін бақылау;көктемгі құбылыстарды меңгере отырып,сөздік қорларын молайту.</p> <p>Еңбек Ағаш түптерін қоқыстан тазарту және түптеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр.»</p> <p>Жеке жұмыс: Ибраһим мен Адельяға билетін құстардың атауын атату</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Құстарды бақылау; қыста ұшып кетіп,күн жылығаннан соң оралған құстармен таныстыру.</p> <p>Еңбек Көктемде келген құстарға ұя жасау.</p> <p>Қимылды ойын: «Допты қағып ал»</p> <p>Жеке жұмыс:1-2 баладан балабақша мен өз топ аттарын сұрау</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Жол бойындағы жаяу жүргіншілерді бақылау;жүргіншілер туралы(киімі,жүріс-тұрысы туралы әңгімелеу.</p> <p>Еңбек Балабақша алаңындағы шашылған қағаздарды жинау.</p> <p>Қимылды ойын: «Шеңберге түсір»</p> <p>Жеке жұмыс:Санжар мен Нұрсанат көктем мезгілі туралы әңгімелету.</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Көктемгі жерді,топырақ құрамын бақылау; (дымқыл,құнарлы)</p> <p>Еңбек: Аулада шашылған уақ тастарды жинастыру</p> <p>Қимылды ойын «Жоғары лақтыр» бал.н қимыл қозғалысын жетілдіру, еңбектенуге тәрбиелеу. Жолдастарына көмек көрсету.</p> <p>Жеке жұмыс: Абдурахман мен Әсемайға жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Еркін ойынтәрбиеші жетекшілігімен</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	«Қасқыр мен ит.» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдату	«Ақылды лақ»ертегісін оқып беру	«Бесік жырын» тыңдату	«Ағаштар неге ашуланады?» әңгімесін оқып беру

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң рақмет айтып тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет		Ұлттық киімдері туралы санамақ жаттау. 1 дегенім- бөрік, Кисең бойға көрік. 2-дегенім -етік, Киер сәнді етіп. 3-дегенім- ішік, Теріден тігер пішіп. 4-дегенім- тымақ, Қыста кисең жылы-ақ. 5-дегенім- байпақ, Іші жылы тайпақ	Вариативтік компонент « Кел, билейік.» Би маманының жоспары бойынша	«Лақтарым менің, лақтарым менің....» Мақсаты: Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	«Құрақ көрпе» Ою- өрнек бейнеленген құрастыру материалдарынан құрақ көрпе құрастыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Қимылды ойын. «Тауық күрес» Мақсаты:Балалардың тепе теңдік сақтай отырып иық қағыстыруда, қайсысы сүрініп жығылса, сол бала ұтылады	Алишер мен Асемайға Әшекей бұйымдарды бастыртып түстеріне қарай бояту, шығармашылық қабілеттерін дамыту	Әміре мен Нұрпейіске Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Айболат пен Нұрпейіс Дидактикалық ойын. «Не өзгерді?» Мақсаты:Балалардың үстел үстіндегі заттарды табуда байқағыштығын дамыту
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы		Құрастыру материалдарымен ойын.	Үстел үсті ойындар « Домино»	Қимылды ойын: «Арқан тартыс.»	Балалардың өз бетінше еркін ойыны.

ЦИКЛОГРАММА
Наурыз III-апта 15.03-19.03. 2021 ж.
Ересек «Нұршуақ»тобы

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Біздің салт-дәстүріміз»

Мақсаты: Қазақтың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру, түстік үйлесімділікті сезінуге, ою-өрнек элементтерінің жазықтықта дұрыс орналасуын аңғарту, әртүрлі әдіспен сурет салуды үйрету, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.03.21	Сейсенбі 16.03.21	Сәрсенбі 17.03.21	Бейсенбі 18.03.21	Жұма 19.03.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балаларды ұлттық киімдер туралы түсініктерін қалыптастыру, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	Фотосуреттер қарастыру «Ұлттық киімдер». Фотосуретте бейнеленген суреттер туралы айту	«Тақия тастамақ» Ұлттық ойынын ойнап, шапшаңдыққа а татулыққа үйрету	«Салт дәстүрім қазынам» балалармен әңгімелесу	Қимылды ойын «Допты қуып жет» Мақсаты: балалардың шапшаңдық, ептілігін дамыту.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үй жануарларына шарбақ құрастыр» Балалармен топтағы достары туралы әңгімелесу.
Таңертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені құралмен 15-26 наурыз 1. Тізбекте жүру, аяқ ұшынан өкшеге қарай басып жүру. 2. Звеноға бөлініп тұру. 3. Б.қ. аяқты қосып, жіптің екі ұшынан ұстап, қолды төмен түсіріп тұру. Жіпті керіп жоғары көтеру, алда ұстау, төмен түсіру. 6-8 р.қ. 4. Б.қ. аяқты қосып, қолды төмен түсіріп тұру, қолды жоғары көтеріп артқа шалқайю, б.қ. келу 3-4 р.қ. сол жаққа қайталау. 5. Отыру. Қолды аалда жіпті керіп ұстау, алға еңею, оң аяққа тигізу, б.қ. келу сол жақта қайталау. 6. Тізерлеп отыру, жіп кеудеде, қолды жоғары көтеріп оңға бұрылу, б.қ. келу				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас үстінде тамақты ұқыпты ішуге, ас ішіп болғаннан кейін ас қайтару баталарын үйрену				

<p>Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»</p>	<p>Ұй жануарлары және жабайы жануарлар қайда мекендейді, әңгімелеу.</p>	<p>« Ұй жануарлары.» топтамасынан суреттер қарастыру</p>		<p>Ұй жануарлары туралы Жұмбақ шешу. Мақсаты: ойлау қаблетін жетілдіру, жұмбақ шешуін табуға ынталандыру.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас-тырылған оқу кестесі</p>	<p>1.Қатынас Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Әшекей бұйымдар» Мақсаты: Ұлттық зергерлік жайлы білім беру.Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту.Зергерлік ке тәрбиелеу 2.Шығармашы-лық Музыка Саз жетекшісінің жоспары бойынша</p>	<p>1.Денсаулық Дене шынықтыру Тақырыбы: «Наурыз»атты спорттық іс-шара.Қазақ халқының дәстүрлерімен таныстыру.Спортқа деген қызығушылықтарын ояту. Үйренген жаттығуларын орындай білу дағдыларын дамыту. 1.Таным Жаратылыс тану. Тақырыбы: «Қош келдің Наурыз!». Мақсаты:Балалардың 22- Наурыз қазақтың Жаңа жыл –мерекесі, оның басқа мерекелерден айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту,ұлттық салт-дәстүрлер туралы ұғымдарын</p>	<p>1.Қатынас Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы:«Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін сахналау Мақсаты: а) Сөйлеу мәндерін қалыптастыру. ә) Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы, ымдау,қимыл-қозғалыс, дауыс күдіреттілігі, интонация) қолдануды дамыту. б)Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. 2. Орыс тілі Тема: Обычаи традиции казахского народа.Праздник Наурыз. Цель: Продолжать обогащать словарь детей</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: Бунамен орындалатын жаттығулар. Бунамен орындалатын жаттығуларды үйрету.Негізгі қасиеттері,шапшаңды қ, Ептілікті дамыту. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру;допты домалату барысында бағытты ұстану. 2.Математика негіздері. Тақырыбы: : Математикалық жұмбақтар.1,2,3,4,5 цифрлары мен сандар. Мақсаты: Санау қабілетін нығайту(5саны көлемінде);заттың</p>	<p>1.Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Менің көңілді, ұшқыр добым. Мақсаты: доппен жаттығулар жасау дағдыларын дамыту. 2. Шығармашылық: Жапсыру. Тақырыбы: «Сәукелені әшекейлейміз» Мақсаты:қазақтың ұлттық баскиімі атауларын ажыратуды үйрету;ұлттық өнер түрлерімен таныстыру;сәукелені өрнектермен әшекейлеуді үйрету; эстетикалық талғамды қалыптастыру; қазақтың өнеріне қызығушылықтарын тудыру.Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p>

		<p>калыптастыруды жалғастыру, мерекені сезіне білуге ынталандыру.</p> <p>3. Шығармашылық</p> <p>Сурет салу. Тақырыбы: Сырмақты әшекейлейміз.</p> <p>Мақсаты: Қазақтың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру, түстік үйлесімділікті сезінуге, ою-өрнек элементтерінің жазықтықта дұрыс орналасуын аңғарту, әртүрлі әдіспен сурет салуды үйрету, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p>лексическим материалом по теме. развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, долговременную память, формировать представления о Наурыз мейрамы.</p> <p>Воспитывать уважение к народным праздникам и традициям, бережное отношение к природе.</p>	<p>санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту; 4 және 5 сандарын салыстыруды үйрету, заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту; салыстыруға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету.</p> <p>3. Музыка Саз жетекшінің жоспары бойынша.</p>	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>1. Ауа райына бақылау жасау Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына</p>	<p>1. Күнге бақылау жасау Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету (жоғары көтеріледі, шуақтары</p>	<p>Желге бақылау жасау Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Балалардың көктем</p>	<p>Аспанға бақылау жасау Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау.</p>	<p>Бұлтқа бақылау жасау Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса, бұлттар</p>

	<p>бастайтыныын үйрету</p> <p>Қимылды ойын«Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Еңбек:Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу. Жеке жұмыс:Аделяға құстарды атап айтқызу Еркін ойын</p>	<p>жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Қимылды ойын«Күн мен бұлт»Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.</p> <p>Еңбек Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс:1-2 балаға наурыз мерекесі туралы сұрақ-жауап Еркін ойын</p>	<p>мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ».</p> <p>Еңбек топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Ясмин мен Ерсұлтанға тыйым сөздер үйрету Еркін ойын</p>	<p>(Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.</p> <p>Қимылды ойын«Қазым,қазым қанқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек :Аула сыпырушыға көмектесіп ,еңбекке баулу. Жеке жұмыс:1-2 балаға көктем туралы тжұмбақ жасыру</p>	<p>да сонша көбейе түседі. Қимылды ойын «Кім жылдам» мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа баулу</p> <p>Еңбек Ауладағы қағаздарлы тазалау. Мақсаты Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. Жеке жұмыс:Нұрзер мен Айсұлтанға «Р»дыбысы бар сөздерді қайталату Еркін ойындарын қадағалау</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	«Жеті лақ.» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдату	«Түлкі мен ешкі.»ертегісін оқып беру	Бесік жырын тыңдау	«Не дәмді?» ертегісін оқып беру

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң рақмет айтып тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» «Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді» Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.	«Көлік шеберханасы» мақсаты : ойынға қызығушылығын артыру,мазмұнын түсіну.	Вариативтік компонент « Кел , билейік» Би маманының жоспары бойынша	Дидактикалық ойын «Бұл не?» Мақсаты: ойын арқылы ойулау, есте сақтау қаблетін жетілдіру	Үстел үсті ойындары. «Домино», «Мозайка» Мақсаты: балалардың ойлауын, санауын,
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Ерсұлтан мен Адильяға Бірдей екі суреттің 5 айырмашылығын тап? Мақсаты: Балалардың байқағыштығын дамыту	Гүлден мен Ясминге «Үй жануарларының пайдасы.» Балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Айболат пен Нұрзерге «Суретті дұрыс құрастыр» Мақсаты : Сурет қиындыларын дұрыс құрастырып орналыстыра білуге үйрету.	Ясмин мен Нұрпейіске «Сыңарын тап» Мақсаты: әр затқа сәйкес заттарды таба білуге үйрету.	Ұлан мен Нұрзерге Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында қағаз қиып үйрену, қайшымен жұмыс үстінде қауіпсіздік ережесін сақтау	Мультфильмдер жинағын көру «Мақта қыз бен мысық» тәрбиелік мақсатын түсіну.	«Менің сүйікті балабақшам.» тақырыбына әңгіме айтқызу

ЦИКЛОГРАММА
Наурыз 1V-апта 25.03- 26.03 2021 ж.
Ересек «Нұршуақ»тобы
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Табиғат оянады.»

Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, әсемдікті көре білуге, табиғатты қорғап аялауға үйрету. Балаларға көктем туралы түсінік беру, көктем мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Балалардың сөздік қорын байыту

Күн тәртiбi		Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi 25.03.21	Жұма 26.03.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балаларға тазалық, денсаулық туралы түсініктерін қалыптастыру, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.					
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)					Саусақ жаттығуы «Торғай мен түлкі» Торғай маған сене ғой, Жем берйін, келе ғой Жақын қалды қу түлкі, Жылдам ұшып кете ғой.	Дид ойын «Дұрыс па? Бұрыс па? » мақсаты: Сұраққа жауап беріп, жауабын түсіндіру(жазда қар жауады, күн шығады, жаңбыр жауады)
Таңертеңгілік жаттығу	Наурыз айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы					

	салауатты өмір салтына тәрбиелеу				
Таңғы ас		Астарың дәмді болсын! Ас үстінде тамақты ұқыпты ішуге, ас ішіп болғаннан кейін ас қайтару баталарын үйрену			
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық				«Қызыл кітап шындықты» өлеңін оқып беру. Айтуға да арналған Жою керек сұмдықты, Жойылмасын бағалы аң Қорғау керек аңды да Бара жатқан сирек көп. «Қызыл кітап» ал мына Жұртты соған үйретпек	Дидактикалық ойын. «Суретті дұрыс құрастыр» Мақсаты : Сурет қиындыларын дұрыс құрастырып орналыстыра білуге үйрету
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі				1.Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жүгіріп келіп ұзындыққа секіріп үйрету.Еңбектеп жүру және білге тақтайшаның астынан өту дағдыларын қалыптастыру.	1.Денсаулық Дене шынықтыру. Тақырыбы: Менің көңілді, ұшқыр добым. Мақсаты: доппен жаттығулар жасау дағдыларын дамыту. 2.Таным Құрастыру. Тақырыбы: Көбелектер. Мақсаты: табиғи

				<p>2. Математика негіздері.</p> <p>Тақырыбы: Математикалық жұмбақтар.1,2,3,4,5 цифрлары мен сандар.</p> <p>М: Санау қабілетін нығайту(5саны көлемінде);заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту;4 және 5 сандарын салыстыруды үйрету,заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту;салыстыруға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету.</p> <p>3. Музыка.Саз жетекшінің жоспары бойынша.</p>	<p>материалдарды пайдаланып көбелекті құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ой-қиялын дамыту, ұқыптыжұмыс жасай білуге тәрбиелеу</p> <p>3.Шығармашылық:</p> <p>Мүсіндеу.</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Торсық.</p> <p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен таныстыру;торсықты ермексаздан мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету;торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру;торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап,әшекейлеу жолдарын түсіндіру.Ұсақ қол қыймылдарын дамыту,көруарқылы мүсіндеу іскерліктерін қалыптастыру.</p> <p>Ұлттық бұйымға деген</p>
--	--	--	--	---	--

					қызығушылықтарын ояту, онерді сюге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен				<p>Бақылау. Қардың еруін бақылау; қардың еруін тамашалай отырып, олардың суға айналатынын түсіндіру.</p> <p>Еңбек Балабақша алаңындағы шашылған қағаздарды жинау.</p> <p>Қимылды ойын: «Пойыз»</p> <p>Жеке жұмыс: Санжар мен Нұрпейіс көктем мезгілі туралы әңгімелету.</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>	<p>Бақылау. Көктемгі ағаш отырғызуды бақылау; ағаштар туралы білімдерін бекіте отырып, еңбекқорлыққа баулу.</p> <p>Еңбек Кір жуушы апайдың жұмысын бақылау, мамандық иелері туралы түсіндіру</p> <p>Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар.»</p> <p>Жеке жұмыс: Санжар мен Нұрсанатқа көктем мезгілі туралы әңгімелету.</p> <p>Еркін ойын: тәрбиеші жетекшілігімен</p>

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
				«Үш торай.» ертегісін оқып беру.	«Не дәмді?» ертегісін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, шынықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң рақмет айтып тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет				Дидактикалық ойын«Қанша болса,сонша орналастыр» Мақсаты: ойын арқылы ойулау, есте сақтау қаблетін жетілдіру.	Дидактикалық ойын: «Гүлдерді ата.» Мақсаты: Гүлдердің түрл ерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу.. Сөздік қорын молайту. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс				Жеке жұмыс: Гүлден Ясминге қол жаттықтыру дәптерлерімен жұмыс	Айболат пен Санжарға «Ғажайып қапшық» баланың сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байыту
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы				Отбасында кітап қарап, сурет бойынша әңгімелесу.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау.

Циклограмма
«Нұршуақ» тобы Ересек
4апта (29.03-02.04 Наурыз айы 2021ж.)
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фальклор»
Апталық тақырып: «Табиғат оянады»қайталау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.03.2021	Сейсенбі 30.03.2021	Сәрсенбі 31.03.2021	Бейсенбі 01.04.2021	Жұма 02.04.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы біледі, мезгілдердің атауларын айта алады. 4К моделі, бала үні	Санамақ айтып санаймыз Саусақ ойындарын ұйымдастыру	« Қанша зат сана» Мақсаты: Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратып айта алады. 4К моделі, бала үні	«Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінің айта алады. 4К моделі, бала үні	«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады. 4К моделі, бала үні
Таным саласы ойындар картотекасынан (картотека қосымша тігілген)					
Танертеңгі жаттығу	Наурыз айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшандыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу . «Таза қолдар». Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Күн шуағын шашады, Жауын да жауып алады. Көктем келіп жеткенде,				

	Ағаштар бүршік жарады.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көктем өрнегі» Мақсаты: Таныс шығармаларды бағдар жасай білуді, оларды суреттерден танып мазмұны бойынша сұрақтарға жауап айтады Педагог жетекшілігімен ойын: «Досыңның дауысын білесіңбе» Смарт мақсаты: Кімнің дауысы екенін табады, достық сезімдерін білдіреді. (4 кКомандамен жұмыс Коммуникативтілік)</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тігінен тұрып нысанаға лақтыру Мақсаты: Тігінен тұрған нысанаға оң және сол қолымен дәлдеп лақтыра алады, ұлттық ойындармен танысады 2.Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғаттағы қауіпсіздік ережесі мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктері қалыптасады, табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін біледі. «Не болады, не болмайды» мақсаты: Балалар табиғатта кездесетін қауіпсіздік ережелерін біледі, еркіндік беріп өз ойын толық айта алады. (Сыни ойлау Коммуникативтік) 3.Сурет салу Тақырыбы: «Сырмақты әшекейлейміз» Мақсаты: Қазақы ою-</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ұлттық бұйымдар Мақсаты: Ұлттық бұйымдардың атауларын атайды, не үшін? , қалай қолданатынын айтады. Тәрбиеші жетекшілігімен ойын «Сақина салмақ» Мақсаты : Ұйымшылдықпен ойнайды, ұлттық құндылықтарды орындайды (4 к, командамен жұмыс Сыни ойлау коммуникативтілік) 2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Наурыз көктем мерекесі» мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастырады. Наурыз мерекесінің ерекшеліктерін айтады Құрылымдалған ойын «Бөпені бесікке саламыз» мақсаты: Балалар қазақтың салт дәстүрін көріп құрметпен қарайды (4к коммуникативтілік</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру мақсаты: Түрлі ойындарды оның ішінде ұлттық ойындарды ойнайды; ойын ережелерін сақтайды 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Математикалық жұмбақ. Цифрлар туралы өткенді пысықтау. мақсаты: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Заттарды салыстырып қоя алады. 3 Музыка Саз жетекшісінің жоспары бойынша</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің көңілді ұшқыр добым мақсаты: Доппен жаттығулар жасау дағдылары дамиды 2.Таным Құрастыру. Тақырыбы: Көбелектер. Мақсаты: табиғи материалдарды пайдаланып көбелекті құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ой-қиялын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу 3 Мүсіндеу Тақырыбы: Торсық мақсаты: Қазақ халқының бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдылары қалыптасады Педагог жетекшілігімен ойын «Кімге не керек?» мақсаты: Сурет бойынша керек</p>

